

**2021 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету және "2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 шілдедегі № 458 қаулысы

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 01.01.2021 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 79 және 111-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 2021 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.

2. "2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 50-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен бірлесіп, тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

4. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 1 шілдедегі  
№ 458 қаулысына  
қосымша

**2021 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету**

мың теңге

| ФТ | ББӨ | БҒД | Атауы           | Өзгерістер (+, -) |
|----|-----|-----|-----------------|-------------------|
| 1  | 2   | 3   | 4               | 5                 |
|    |     |     | <b>Жиыны</b>    | 0                 |
|    |     |     | <b>Шығындар</b> | 0                 |

|     |     |   |             |
|-----|-----|---|-------------|
| 005 |     | Денсаулық сақтау  | 21 496 679  |
|     | 226 | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі                 | 21 496 679  |
|     | 067 | Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету | 21 496 679  |
| 013 |     | Басқалар  | -21 496 679 |
|     | 217 | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі                            | -21 496 679 |
|     | 010 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві                           | -21 496 679 |

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 1 маусымдағы  
№ 458 қаулысына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы "10" желтоқсандағы  
№ 840 қаулысына  
50-қосымша

### Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің сомаларын бөлу

| Әкімші | Бағдарлама | Кіші бағдарлама | Атауы  | Сомасы, мың теңге |
|--------|------------|-----------------|--|-------------------|
| 217    |            |                 | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі   | 210 199 779       |
|        | 010        |                 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві  | 210 199 779       |
|        |            | 100             | Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві | 3 500 000         |
|        |            | 101             | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві  | 205 749 779       |
|        |            | 102             | Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттар шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резерві  | 600 000           |
|        |            | 103             | Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резерві                              | 350 000           |